

Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Департаменті 1998 жылғы 22 қыркүйек N 433. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 28 қараша N 648 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Төрайымының 2005 жылғы 10 маусымдағы N 28 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының, Қазынашылық комитеті төрайымының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрайым

Қазақстан Республикасы Қаржы

Министрлігінің Қазынашылық

комитеті төрайымының

2005 жылғы 10 маусымдағы

N 28 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Қазынашылық департаменті директорының, Қазынашылық

комитеті төрайымының күші жойылған кейбір

бұйрықтарының тізбесі

2. "Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 22 қыркүйектегі N 433 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 648 болып тіркелген)...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 8 қыркүйектегі

№ 298 V970385_ бұйрығымен бекітілген Кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібіне қоса беріліп отырған № 1 толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін.

Департамент директоры
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
Қ а з ы н а ш ы л ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң
д и р е к т о р ы н ы ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 433 бұйрығымен бекітілген
Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібіне № 1 толықтырулар мен өзгерістер

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1997 жылғы 8 қыркүйектегі № 298 V970385_ бұйрығымен бекітілген Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жалпы ережелер" I бөлімге:

1) 1.2.-тармақтың екінші абзацындағы "айына 50 еселенген есепті көрсеткіштен аспайтын мөлшерде" деген сөздер алынып тасталсын:

"159 "Өзге де ағымдағы шығыстар" деген сөздерден кейін "бір ай ішінде
- бюджеттік қаражаттар үшін - 50 еселенген есепті көрсеткіштен;
- арнайы қаражаттар үшін - 100 еселенген есепті көрсеткіштен аспайтын м ө л ш е р д е .

131 "Тамақ өнімдерін сатып алу" ерекшелігі бойынша Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің оқу орындарында студент-жетімдердің тамақтануының өтемақысына жұмсалатын шығыстар бойынша, 134 "Жұмсақ жабдық пен құрал-саймандар сатып алу" ерекшелігі бойынша заттай мүліктердің орнына әскери қызметшілерге ақшалай өтемақы және 131 "Тамақ өнімдерін сатып алу" ерекшелігі бойынша азық-түлік сыбаға төлеуге жұмсалатын шығыстар бойынша қолма-қол ақша алуға ш е к т е у л е р б е л г і л е н б е й д і .";

соңғы екі сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Ерекше жағдайларда, лимиттен тыс арнайы қаражаттар бойынша бюджеттік және бюджеттен тыс шоттардан қолма-қол ақшаларды пайдалануға:

- республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдардың министрліктің (ведомствоның) ұсынымымен берілген Қазынашылық департаментінің жазбаша рұқсаты бойынша және Бюджеттік департаменттің келісімі бойынша рұқсат е т і л е д і ;

- лимиттің өсуін тиісті қаржы органымен келісу арқылы жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар жүзеге асырады.";

2) 1.3.-тармақтағы "қаржы жылына арналған шығыстардың сметасын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат көздері бар ұйымдардың арнайы қаражаттары бойынша кірістер мен шығыстар сметасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шығыстар сметасын бекітумен бірге бекітіледі" деген сөздер "бюджеттен жұмсалатын шығыстардың бекітілген сметасы, сондай-ақ арнайы қаражаттар бойынша өрістер мен шығыстар сметасының негізінде расталады";

3) 1.4. - тармақта :

"Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын" деген сөздерден кейін және арнайы қаражаттары бар" деген сөздермен толықтырылсын;

"ақша қалдығының" деген сөзден кейін "лимиті" деген сөзбен толықтырылсын ;

бұдан әрі мәтін бойынша "бекітеді" деген сөз "растайды" деген сөзбен ауыстырылсын :

"шығыстар сметасын" деген сөздерден кейін "және арнайы қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметасын" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 1.5.-тармақтың бірінші абзацындағы "бюджеттен бөлінетін қаржының бекітілген жылдық сомасын" деген сөздерден кейін "және арнайы қаражаттар бойынша шығыстарын жылдық сомасын" деген сөздермен толықтырылсын;

"мынадай шекте айқындайды" деген сөздерден кейін мәтін:

1.5 млн. теңгеден - 10 мың теңге;
2.5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін - 30 мың теңге;
3.10 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін - 50 мың теңге;
4.20 млн. теңгеден жоғары - 100 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын:

1.5 млн. теңгеден - 20 мың теңге;
2.5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін - 40 мың теңге;
3.10 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін - 100 мың теңге;
4.20 млн. теңгеден жоғары - 150 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын:

"Егер алдағы жылдың басына қарай арнайы қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметасы бекітілмеген болса, онда бюджеттік ұйымға сметаны бекіткенше, бірақ 1 сәуірден кешіктірмей кассадағы қолма-қол ақшалардың лимитін есептеу үшін 1 тоқсанға арналған сметада көзделген шығыстар сомасын пайдалануға рұқсат етіледі. Қаржы жылының ішінде 136 және 137 ерекшеліктер бойынша бекітілген арнайы қаражаттардың кірістер мен шығыстар сметасы өзгерген жағдайда, тиісінше кассадағы қолма-қол ақша қалдығының лимиті

нақтыланады және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жеткізіледі.";

5) мынадай мазмұндағы 1.6. және 1.7.-тармақтармен толықтырылсын:

1.6. "Бюджеттік ұйымдар өздерінің кассаларында екінші деңгейдегі банктердің чегі бойынша алынған қолма-қол ақшаларды ақшаның қызмет көрсететін банктен алған күнін есептемегенде, 3 жұмыс күнінен артық емес күн сақтауға құқығы бар."

1.7. "Бюджеттік ұйымның кассасына тікелей түсетін бюджеттен тыс қызмет жөніндегі қолма-қол ақшалар тиісті бюджеттен тыс шотқа алдағы уақытта есепке алу үшін қабылдаған күннен бастап 3 күннен кешіктірілмей қызмет көрсететін банкке тапсырылуы керек."

Мұндай қаражаттарды бюджеттен тыс шоттарға оларды алдын ала тапсырмай пайдалануға рұқсат етілмейді."

2. II бөлім "Уәкілетті банктерде қолма-қол ақша алу тәртібі":

1) 2.1. - тармақта:

"чек кітапшасының мұқабасында жазылған чек кітапшасын толтыру ережелеріне сәйкес" деген сөздер "Қазынашылықта қызмет көрсететін бюджеттік ұйымның шотынан Қазынашылықтың транзиттік шотына ақшаларды аудару төлем тапсырысында көрсетілген сомада" деген сөздермен ауыстырылсын;

", оған өзінің қолын қояды, басшыға қол қоюға береді және мөр басады. Реквизиттердің бәрі толтырылмайынша чекке қол қойып, мөр басуға тыйым салынады." деген сөздер "және оны төлем тапсырысымен бірге Қазынашылықтың тиісті органының жауапты атқарушысына береді." деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 2.2. - тармақта:

"республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар тиісті қазынашылық органдарға, ал жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар - Бюджеттік банктің қызмет көрсетуші бөлімшесіне" деген сөздер "мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар тиісті қазынашылық органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын, бұдан әрі мәтін бойынша "қолма-қол ақша" деген сөздердің алдынан "бюджеттік және бюджеттен тыс шоттардан" деген сөздермен толықтырылсын;

"өтінім" деген сөзден кейін "жекелеген бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттар бойынша" деген сөздермен толықтырылсын:

"(немесе Бюджеттік банктің)", "(Бюджеттік банктің)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазынашылықтың" деген сөзден кейін "қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

"өтінім" деген сөзден кейін ", төлем тапсырысы" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"сонан соң чекті төлеу үшін банктің жауапты атқарушысына береді" деген сөздер мынадай мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын: "Олардың ресімделуінің дұрыстығын, сондай-ақ әрбір құжаттың сомалар мен ерекшеліктер бойынша сәйкестігін тексеріп, жауапты атқарушы чек берілген соманы чек түбіртегінің бет жағында көрсетілген сомамен салыстырады және чектің бет және артқы жағына қол қояды. Тексерілген және қол қойылған төлем тапсырысы чектер тізілімін қалыптастыру үшін операциялық бөлімнің жауапты атқарушысына беріледі.

Чектердің тізілімі басшының, жауапты атқарушының қолымен және Қазынашылық мөрімен расталған чектермен бірге төлеу үшін қызмет көрсететін б а н к к е ж і б е р і л е д і . " ;

мынадай мазмұндағы абзац енгізілсін: "Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын және арнайы қаражаттары бар ұйымның есеп айырысу-ақша құжаттарын жүзеге асырған кезде. Қазынашылықтың жауапты атқарушысы бюджеттік және арнайы қаражаттардың есебінен алатын қолма-қол ақшаның лимитті сақтауын тексереді (жалпы сомасы 131, 132, 133, 139, 151, 159 ерекшеліктері бойынша)." Бақылау функцияларын жүзеге асырған кезде Қазынашылық әрбір бюджеттік ұйымға айына алатын қолма-қол ақшаларды тіркеу жөнінде талдама карточка ашады.

Қолма-қол ақшаларды бюджеттік ұйымның кассасына уақытылы кіріске алуға бақылау жасау мақсатында қолма-қол ақшаларға қызмет көрсету жөніндегі бөлімнің жауапты атқарушысы қолма-қол ақшаларды кіріске алу туралы төленген чектердің тізілімімен чек кітапшасының артқы жағында жазбаларды салыстыруды жүргізеді. Чек кітапшасының артқы жағындағы жазбаларға бөлімнің жауапты атқарушысы қол қояды." ;

3) 2.3.-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын:

4) 2.5.-тармақтағы "(N КО-1 нысаны)" деген сөздер "(N ҚО-3а)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай абзацпен толықтырылсын: "Бұдан басқа, чек кітапшасының артқы жағында 2.2.-тармаққа сәйкес Қазынашылықтың жауапты атқарушысының қолымен расталатын бас бухгалтердің қолы қойылған кіріс ордерінің нөмірі мен күні көрсетіліп, қолма-қол ақшаларды кассаға кіріске алу туралы жазба жү р г і з і л е д і . "

3. III бөлімде "Қолма-қол ақшаларды қабылдау мен берудің және кассалық құжаттарды ресімдеудің тәртібі":

1) 3.2.-тармақта "ордерлері" "(N ҚО-2 нысаны)" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

2) 3.3.-тармақта ескертуде "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын.

4. IV бөлімде "Кассалық кітапты, ақшаны пайдалану кітабын жүргізу тәртібі және ақшаны сақтау ережелері":

1) 4.5.-тармақта "кітабын" деген сөз "кітаптарын" деген сөзбен ауыстырылсын; бұдан әрі мәтін бойынша "нысаналы мақсатқа" деген сөздің алдынан "бюджеттік қаражаттар үшін жекелеген" деген сөздермен толықтырылсын; "бақылау үшін" деген сөздерден кейін "және бюджеттен тыс қаражаттар үшін (N 3-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын:

"Барлық ерекшемелер бойынша қолма-қол ақша қалдығының сомасы" деген сөздер "Екі кітап бойынша қолма-қол ақша қалдығы жиынының сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4.6.-тармақта "Кассалық кітап пен" деген сөздердің "орнына Кассалық кітаптардың дұрыс және уақытылы енгізілуіне және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бақылау" деген жалғаудан кейінгі "кітабын" деген сөз "кітаптарын" деген сөзбен толықтырылсын;

"бақылау кітабын" деген сөздерден кейін "(N 2 және N 3-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын.

5. V бөлімде "Кассаны тексеру және кассалық тәртіптің сақталуын бақылау":

1) 5.3.-тармақтың бірінші абзацындағы "қаржы бақылау органдары" деген сөздер "Қазынашылық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) екінші абзацтағы "республикалық" деген сөзден кейін "бюджеттен" деген сөз алынып тасталсын және "және жергілікті бюджеттерден бөлінген қолма-қол ақшаның, сондай-ақ бюджеттен тыс көздерден түскен ақшалардың", деген сөздермен толықтырылсын.

6. Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібінің қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар

N 1-қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 3-бағанның орнына "Жылдық сома" жалпы атауымен 3, 4 және 5-бағандар енгізілсін;

3-бағанның атауы "бюджеттен қаржыландыру", 4-бағанның атауы "арнайы қаражаттардан", 5-бағанның атауы "Жиыны" енгізілсін.

2) бюджеттен қаржыландырудың және арнайы қаражаттардың жылдық жиын сомасына байланысты "Ел ішіндегі іссапарлар мен қызмет бабындағы жүріп-тұрулар" 136 және "Елден тысқары іссапарлар мен қызмет бабындағы жүріп-тұрулар" 137 ерекшелігі бойынша лимит мөлшерлері өзгертілсін.

3) Есеп айырысудың соңындағы "бекітемін" деген сөз жауапты атқарушының аты-жөні мен оның қол көрсетіле отырып, "өзім тексерген сметалардың негізінде растаймын" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) "Бюджеттен тыс көздерден түсетін қолма-қол ақшаларды нысаналы мақсат бойынша пайдалануды бақылау кітабы" N 3-қосымшасы енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
 Қ а з ы н а ш ы л ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң
 1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і
 N 4 3 3 б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н
 Б ю д ж е т т і к ұ й ы м д а р д а
 к а с с а л ы қ о п е р а ц и я л а р д ы
 ж ү р г і з у д і ң у а қ ы т ш а т ә р т і б і н е
 т о л ы қ т ы р у л а р м е н ө з г е р і с т е р г е
 N 1-қосымша

Кассадағы қолма-қол ақшалардың қалдық лимитін
 Е с е п т е у

 (бюджеттік ұйымның атауы)

N	Ерекшелігі	Жылдық сома		
		бюджеттен	арнайы	Жиыны
		қаржыландыру	қаражаттардан	
1	2	3	4	5
	"Ел ішіндегі іссапарлар мен қызмет			
	бабындағы жүріп-тұрулар" 136			
	"Елден тысқары іссапарлар мен қызмет			
	бабындағы жүріп-тұрулар"			

| | Ж и ы н ы | | | | |
| | | | | | | | |

Кассадағы қолма-қол ақшаның қалдық лимиті шығыстар сметасында көзделген

жылдық сомаға байланысты мынадай мөлшерде белгіленеді:

1. 5 млн теңгеге дейін - 20 мың теңге;
2. 5-тен 10 млн. теңгеге дейін - 40 мың теңге;
3. 10-нан 20 млн. теңгеге дейін - 100 мың теңге;
4. 20 млн. теңгеден жоғары - 150 мың теңге;

Министрліктің (ведомствоның),
бюджеттік ұйымның басшысы: _____
(қолы) (аты-жөні)

199__ жылғы _____ мөлшердегі кассадағы
(с о м а с ы)

қолма-қол ақшаның қалдық лимиті өзім тексерген сметалардың негізінде
растаймын:

_____ (қолы) (жауапты атқарушысының аты-жөні)
Күні 199__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Қазынашылық департаментінің
1998 жылғы 22 қыркүйектегі
N 433 бұйрығымен бекітілген
Бюджеттік ұйымдарда
кассалық операцияларды
жүргізудің уақытша тәртібіне
толықтырулар мен өзгерістерге
N 3-қосымша

Бюджеттен тыс көздерден түсетін қолма-қол
ақшаларды нысаналы мақсат бойынша
пайдалануды бақылау

Кітабы

Ұйымның атауы _____

199__ жылғы _____ ай

[N] Операцияның [Күні][Құжат.]Ерекшеліктер бойынша банктен чек бойынша																						
мазмұны			тың түсетін (шығындалған) қолма-қол ақша																			
			н ө м і р і																			

											111	112	113	121	131	132	133	136	137	139	151	15
																9_						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16							

Ай басындағы																						
қ а л д ы қ																						

К і р і с																						

Кіріс бойынша																						
ж и ы н ы																						

Ш ы ғ ы с																						

Шығыс бойынша																						
ж и ы н ы																						

Ай аяғындағы																						
қ а л д ы қ																						

таблицаның жалғасы

(теңге) _____

Есепке алуға жататын бюджеттен тыс көздерден Жиынында түскен (банкке																				
кассаға түскен қолма-қол ақшаны бюджеттен тапсырылған) қолма-қол																				
_____											тыс шоттардан					_____ ақша				

жөн с "арнайы "депозиттерден" "тапсырыстар"																				
т.б. қаражаттар. _____ бойынша																				
_____ дан" _____ сомалар"																				

17	18	19	20	21
-	-	-		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК